

“Мыңбаев ауылындағы орта мектеп
мектепке дейінгі шағын орталығымен”
мемлекеттік мекемесі

Абдиканова Айсулу Абеновна

Тақырыбы: Я әрпінің жазылуы.

- Мақсаты:** 1. Я әрпінің жазылу, айтылу ережелерін меңгерту.
2. Оқушыларды Я әріптері бар сөздерді дұрыс жазуға дағдыландыру, сөздік қорларын дамыту.
3. Оқушыларды құстарды қорғауға, адамгершілік пен әдептілік қасиеттерін және достық пен үлкенді сыйлауға баулу.

Түрі: Жаңа сабақ.
Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, іздену
Формасы: ұжымдық.
Көрнекілігі: суреттер, жұмбақ, мақал, ребус, рефлексиялық жаттығу және интерактивті тақта.





Барысы: 1.Ұйымдастыру кезеңі.
Оқушылардың қажетті құрал – жабдықтарын алып,
түгендеу, сабаққа даярлық.

Психологиялық дайындық:
Қайырлы күн деп айтамыз,
Бір болып кеште қайтамыз.
Отбасының гүліміз,
Көңілді өтер күніміз – деп бүгінгі қазақ тілі
сабағымызды көңілді бастайық.





2. Үй тапсырмасын тексеру

Дыбыс деген не?

Әріп деген не?

Дыбыстар нешеге бөлінеді?

– И дыбысы қандай дыбыс?

Сый, тый сөздерінің жазылуын айт?



2. Мақсатын қою кезеңі:

-Балалар бүгін біз сабақта Я әрпінің сөз ішінде жазылуымен танысамыз.

Қазанның он үші
Сынып жұмысы

Көркем жазу :

Ұұ Ұұ Ұұ Ұұ Ұұ Ұұ
ұшақ ұшақ ұшақ ұшақ ұшақ ұшақ

·
·


3. Жаңа материалды түсіндіру.

Сөзде йа дыбыстары естілгенмен, жазуда олардың орнына **Я** әрпі жазылады.

Мая, сая, таяқ

й + а

Я





94 - жаттығу

1. Сөздерді топтап, осы топқа жатпайтын сөзді тауып жаз.
2. Жазған сөзің неше дыбыс, неше әріптен тұрады?

қаз

қоян


бүркіт

аққу

қарлығаш

Қоян - дыбыс, әріп





95-жаттығу

1. Жұмбақты оқып шешуін тап.

Тал басында түндіксіз отау
(уя)

2. Сиқырлы санды сөйлет

| | | |
|---|---|---|
| 2 | 1 | 3 |
| Ұ | Қ | С |

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | 1 | 4 | 3 |
| д | а | л | а |

| | | | |
|--|--|--|--|
| | | | |
|--|--|--|--|

| | | |
|---|---|---|
| 2 | 3 | 1 |
| о | с | д |

| | | |
|--|--|--|
| | | |
|--|--|--|






96-жаттығу

1.Мақалдың мағынасын түсіндір.

Әдептілік, ар-ұят-
Адамдықтың белгісі.

2.Я әрпі қай дыбыстардың орнына жазылған?





Сергіту сәті

Үлпілдеген үрпегім,
Сәл нәрседен үркегім,
Бір жүгіріп, бір тоқтайсың,
Титтай сары доптайсың
Жерге үңіліп жүресің
Дән теруді білесің
Ал қара құс келгенде,
Жасырына қаласың





Ребусты шеш
Тауық” Қияр ’



” Арқар ’ пияз ’



Осы
сөздермен екі
сөйлем
құрастыр.





4. Түсінгенін тексеру 98- жаттығу


Балалар са..хатқа шықты. Олар жалғыз
а...қ жолмен жүрді. Әсел ерте о...нды. Ол
киімдерін кеште да...рлап қо...ды. А...н
бо...умен сурет салады.



99-жаттығу


Таяу, жедел жәрдем, ұялы телефон
сөздерін пайдаланып жағдаяттан шығып көр.

Мектепте қашықтыққа жүгіруден жарыс өтті.
Жарыс кезінде досың аяғын ауыртып, жүре
алмай қалды. Сен не істейсің?



5. Бекіту

-Бүгінгі сабақта не өттік?





Тапсырма.

1. Сөздерді буынға бөліп жаз.

Қияр, шаян _____

2. Тиісті әріпті жаз

А...қ, ба...у қари... тұ...қ

Та...қ бо...у дари... са...бақ

3. Берілген сөздерден сөйлем құра. Сөйлемдегі сөздердің ретін цифрмен белгіле.

1 4 3 2
Әлия, болды, жайлауда, жазда.

Әнуар, оянды, ерте.

Баян, сурет, бояумен, салды.



6. Үйге тапсырма беру.
100-жаттығу 35 – бет
1.Өлеңді көшіріп жаз
2.Я әрпі бар сөзердің астын сыз.



Назар қойып
тыңдағандарыңызға
рахмет!



